

«М.А. Гендельманның 110 жылдығына арналған «Сейфуллин оқулары-19» халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының материалдары = Материалы международной научно-практической конференции «Сейфуллинские чтения – 19», посвященной 110- летию М.А. Гендельмана». - 2023.- Т. II, Ч. II.- Б. 195-198.

УДК 004.773.5

NUR.KZ ПОРТАЛЫ НЕГІЗІНДЕ «ҚАЗАҚТЕЛЕКОМ» АҚ «ИНТЕРНЕТ – КОНФЕРЕНЦИЯСЫНА» ҚЫСҚАША ШОЛУ

Морзовек Жайна, IV курс студенті

Наурыз Қ.Ж., магистр, аға оқытушы (ғылыми жетекші)

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті, Астана қаласы


«Қазақтелеком» АҚ компаниясы (ары қарай Компания) Қазақстан Республикасындағы (ары қарай ҚР) ірі телекоммуникация саласының операторы болып табылады. 2000 жылдардың ортасынан бастап Компания ондаған миллиард теңгенің айналымымен елдің тұрақты, ең табысты кәсіпорындарының жылдық рейтингінде жоғары орын алып отыр. Компания, сонымен қатар Ұлттық ақпараттық супермагистральға иелік етеді. Аталған желі ҚР-ның үлкен қалалары (мегаполистер Астана, Алматы, Шымкент және барлық облыс орталықтары) арасындағы жоғары жылдамдықты ағынды деректерді тасымалдайтын цифрлы технологияға негізделген талшықты – оптикалық сақиналы топологиялы болып табылады. Компания ҚР –да тіркелген телефония операторы есебінде жақсытанылған көшбасшы, оның ішінде ауылдық жерлердегі байланыс қызметтерін көрсету бойынша жалғыз, дара оператор болып табылады. Компания Ұлттық деректерді тарату желісіне ие ең ірі операторларының бірі. Қазіргі таңда «Қазақтелеком» АҚ компаниясы тобы деп аталады, себебі компания құрамына көптеген еншілес мекемелер кіреді (сурет 1) [1].



Сурет 1. «Қазақтелеком» АҚ компаниясы тобының еншілес мекемелері

Компания басқарма төрағасы Қуанышбек Есекеев 2022 жылы тамыз – қыркүйек айлары аралығында (25.08.2022 ж. - 08.09.2022 ж.) NUR.KZ порталы негізінде кезекті алтыншы «Интернет – конференциясын» өткізді. Аталған іс-шара 3 жыл қатарынан ұдайы өтуде, алғашқысы Пандемия кезінде коронавирустық инфекциясының таралуына қатысты қолға алынған шектеу шараларының тұсында, 2020 жылдың көктемінде өтті. Содан бері интернет-диалог дәстүрлі форматқа айналып, 3 жылдың барысында өткізілген бес конференцияның әрқайсысы мың жарым адамнан кем емес аудитория жиналып, Басқарма басшысына тікелей сауалдар қойылды. Тұрғындардың сауалдарының көпшілігі компания қызметтеріне қосылу мүмкіндігіне, қызметтердің сапасына қатысты. Конференция барысында Компанияның құрылымдық бөлімшелерінде кездесетін бірқатар мәселелер анықталып, оларды шешуге мүмкіндік берілген [2].

NUR.KZ порталы базасында өткізілген соңғы алтыншы конференция жұмысын қысқаша бағаласақ, барлық диалогтар саны – 105, күндер бойынша диалогтар саны 2 – суретте берілген [3].



Сурет 2. NUR.KZ порталы базасында алтыншы конференциядағы диалогтар саны

Алтыншы интернет-конференциясының жетекшісі тақырыбы болып еліміздің тұрғындарының Компания қызметтеріне қосылу мүмкіндігі туралы болды. Сондай-ақ компания басшысының айтуынша алтыншы және алдыңғы бес онлайн-конференцияларда да барлық сұрақтардың ішінде ең үлкен үлеске қазіргі және әлеуетті клиенттерімен өткен диалогтар болды. «.....Біз ұсынатын қызметтердің сапасын арттыру үшін көп жұмыс атқарып жатырмыз және көптеген кедергілерді өз бетімізше анықтаймыз. Бірақ сонымен бірге бізге кері байланыс қажет, оның көмегімен біз тағы да көптеген мәселелерді көріп, жоя аламыз, біздің не істейтінімізді түсінеміз. Тұрғындардың біздің жұмысымыздың кейбір форматтары нәліктен оларға сұрақтар немесе наразылық тудырды. Сондықтан мен сыни пікірлерін білдіріп, фактілер мен растайтын NUR.KZ респонденттеріне алғыс айтамын - олар біздің қызметімізді жақсартуға шынымен көмектеседі» деп айтты Басқарма басшысы Қуанышбек Есекеев [4].

Жоғарыда Басқарма басшысы атап өткендей мұндай онлайн-конференциялар өткізу заман талабы, қажеттілік. Сондықтан телекоммуникациялық қызметтердің сапасын арттыруда септігін тигізетін құралдардың бірі. Төменде телекоммуникация қызметтерінің сапасы дегеніміз не, қандай міндеттері, сипаттамалары бар, қандай параметрлер кіреді, сол туралы қысқаша тоқталамыз.

Телекоммуникация қызметтерінің сапасы – пайдаланушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыру мүмкіндігін сипаттайтын желінің жұмыс істеу сапасымен анықталатын қызмет қасиеттерінің жиынтығы. Телекоммуникация қызметтерінің сапасын қамтамасыз ету байланыс желілерін жобалаудағы маңызды міндеттердің бірі болып табылады. ITU-T E.800, E.430, I.350 ұсыныстарына сәйкес телекоммуникациялық қызмет сапасының сипаттамаларын екі топқа бөлуге болады: қызмет көрсету сапасы мен

байланысты сипаттамалар (Қызмет көрсету сапасы, QoS (Quality of Service) және желі жұмысының сапасына қатысты сипаттамалар (Желінің өнімділігі, NP (Network Performance) [5].

Қызмет көрсету сапасы – пайдаланушының оған көрсетілетін қызметке қанағаттану дәрежесін анықтайтын көрсеткіштер жиынтығы. Қызмет көрсету сапасы қызметке кіру нүктесінде анықталады және пайдалану мүмкіндігі, қолжетімділік, тиімділік (қолжетімділік, үздіксіздік, тұтастық) және қызмет қауіпсіздігінің қасиеттері мен сипатталады. Өз кезегінде желінің жұмыс істеу сапасы қызмет көрсету сапасының негізі болып табылады және желінің абоненттер арасындағы байланысты қамтамасыз ететін функцияларды орындау мүмкіндігін анықтайды. Желінің жұмыс істеу сапасы трафикті өңдеу мүмкіндігі мен, желі объектілерінің ресурстары мен мүмкіндіктерімен, сондай-ақ жіберудің сенімділігі мен сапасымен сипатталады [6, 5].

Е.800 ұсынысында анықталған телекоммуникация қызметтерінің сапасының көптеген қасиеттерін сандық бағалау үшін сәйкес көрсеткіштер енгізілген. Сонымен бірге, халықаралық I.350 және әрелдің телекоммуникация саласындағы нормативті құжаттарына (ұсыныстарына) сәйкес қызметтің негізгі құрамдас бөліктері оны көрсетудің үш кезеңі болып табылады, оның сапасы қызметтің жалпы сапасын береді [5]:

- ақпаратты тасымалдауға қолжеткізу (байланыс орнату);
- пайдаланушы ақпаратын тарату;
- ақпаратты тарату сеансын тоқтату (ажырату).

Қызметтің әр бір бөлігі өз кезегінде үш негізгі көрсеткішпен сипатталады [7]:

- жылдамдық (қосылысты орнату уақыты, пайдаланушы ақпаратын тарату уақыты (жылдамдығы), пайдаланушы ақпаратын уақтылы жеткізу ықтималдығы және қосылысты ажырату уақыты);

- дәлдік (көрсетілген параметрлермен қосылысты орнату дәлдігі, пайдаланушы ақпаратын тарату дәлдігі, қате қосылысты ұйымдастыру ықтималдығымен сипатталатын қосылысты ажырату дәлдігі, пайдаланушы ақпаратындағы қателік ықтималдығы, қосылысты ажырату ықтималдығы жәнет.б.);

- кепілдік (қосылу орнатудан бас тарту ықтималдығымен, пайдаланушы ақпаратының жоғалу ықтималдығымен, қосылысты ажыратудан бас тарту ықтималдығымен жәнет.б. сипатталатын қосылысты орнату, деректерді тарату және ажырату сенімділігі).

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 Открывая неограниченные возможности[Текст]: Интегрированный годовой отчет АО «Казахтелеком» -М.,2021.-165 с.

2 NUR.KZ-те «Қазақтелеком» басшысының кезекті интернет-конференциясы өтпек. [Қолжеткізім ресурсы]. <https://kaz.nur.kz/society/1984640-nurkz-te-qazaqtelekom-bassysynyn-kezekti-internet-konferenciya-otpek/>.
Қолданыстағы күні: 05.02.2023.

3 Ответы Председателя Правления АО «Казахтелеком» Куанышбека Есекеева. [Қолжеткізім ресурсы]. <https://special.nur.kz/kt-online-autumn-2022>.
Қолданыстағы күні: 15.02.2023.

4 Глава «Казахтелеком» Куанышбек Есекеев подвел итоги шестой интернет-конференции на NUR.KZ. [Қолжеткізім ресурсы]. <https://www.nur.kz/technologies/business/1987672-glava-kazahtelekom-kuanyshbek-esekeev-podvel-itogi-shestoy-internet-konferentsii-na-nurkz/>.
Қолданыстағы күні: 17.02.2023.

5 Основы теории мобильной и беспроводной связи. [Қолжеткізім ресурсы]. <https://siblec.ru/telekommunikatsii/osnovy-teorii-mobilnoj-i-besprovodnoj-svyazi/4-metodika-mnogokriterialnogo-proektirovaniya-besprovodnykh-setej-svyazi/4-3-kachestvo-telekommunikatsionnykh-uslug-sostav-i-vzaimosvyaz-pokazatelej-kachestva-obsluzhivaniya>.
Қолданыстағы күні: 20.02.2023.

6 Sari I. et al. The Effect of Usability, Information Quality, and Service Interaction on E-Loyalty Mediated by E-Satisfaction on Hallobumil Application Users [Text] // KnE Social Sciences. – 2023. – С. 211–230-211–230.

7 Туманбаева К.Х. Качество обслуживания в телекоммуникационных сетях [Текст] Учебное пособие / К.Х. Туманбаева. Алматы: АУЭС, 2013. – 80 с.